



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

2. Кужашева, Р.Ш. Правовые вопросы деятельности международных организаций в частноправовых отношениях международного характера: дис...канд.юрид.наук. Казань, 2008. – 200 с.
3. Канашевский В.А. Нормы международного права и гражданское законодательство России. -М., 2004.-С.163.
4. Асосков А.В. Правовые формы участия юридических лиц в международном коммерческом обороте. -М.: Статут, 2003. - 349 с.
5. Бобоев У.Х. Проблемы международных юридических лиц в международном частном праве// Материалы научно-теоретической конференции профессорско-преподавательского состава и студентов, посвященной 15-й годовщине независимости Республики Таджикистан, 2700-летию города Куляба и Году арийской цивилизации. Часть II. - Душанбе, 2006. - С.74.
6. Бендевский Т. Международное частное право: учебник / пер. с македонского / отв.ред. Е.А.Суханов.-М.: Статут, 2005. - 446 с.
7. Седова Ж.И. Международное юридическое лицо как субъект международного частного права: дисс. ...канд. юрид. наук: 12 00 01 / Седова Жанна Игоревна. - М., 2001. -20 с

УДК 341.9

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ

Сейпулов Жанболат

seipuloff@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті
Халықаралық құқық мамандығы
Мпк-31 тобының студенті. Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б.

Аңдатпа. Бұл мақалада халықаралық инвестициялық дауларды реттеудің негізгі механизмдері туралы қарастырылған. Инвестициялық дауларды шешудің әдістері мен жолдары нақты анықталып көрсетілген. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының қатысуымен болған тәжірибенің анализі жүргізілді.

Түйін сөз. Халықаралық жария құқық, халықаралық жеке құқық, инвестиция, инвестициялық дау, халықаралық арбитраж, халықаралық шарттар, шетелдік инвестор, реципиент-мемлекет.

Қазіргі заманғы халықаралық экономикалық қатынастардағы инвестициялық дауларды шешу мәселесі, ең біріншіден, осы қатынастарды құқықтық реттеудің жетілдірілмегендігінің көрінісі, атап айтқанда, ұлттық экономиканың және халықаралық экономикалық қатынастардың басқа түрлерінің дамуына әсер ететін халықаралық инвестициялық қатынастарды экономикалық қатынастардың іргелі және айрықша маңызды түрі ретінде реттеу мәселесі орын алады.

Халықаралық инвестициялық дауларды шешу мәселесі болып қалыптасу және даму сатысында тұрған халықаралық инвестициялық құқығындағы құқықтық жауапкершілік институтын іске асыру, сондай-ақ халықаралық процессуалдық құқықтың қалыптасу мен даму мәселелері табылады.

Әртүрлі мемлекеттердің тәжірибесінде, халықаралық жария құқықтың тиісті нормаларының әсерінен инвестициялық дауларды шет мемлекеттердің жеке тұлғалары мен қабылдаушы мемлекеттер арасындағы капиталды салуға қатысты қатынастардан

туындайтын даулар ретінде қабылданды, яғни бұл жерде қабылдаушы мемлекеттегі жеке тұлға инвестор болып қарастырылады.

Халықаралық инвестициялық келіспеушіліктер аралас субъектілік құрамымен ерекшеленеді, көбінесе талап қоюшы жеке шетелдік инвестор, ал жауапкер – мемлекет – капиталды алушы болып табылады. Инвестициялық дауларды шешу механизмі инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы екіжақты келісімдерде көзделген. Халықаралық инвестициялық дауларды шешу тәртібі алушы мемлекеттің ұлттық заңнамасымен және халықаралық жария құқықпен реттеледі.

Мемлекет пен шетелдік инвестордың арасындағы инвестициялық даулар жеке құқықтық болып саналады және халықаралық жария құқықтың ережелеріне сәйкес, ең алдымен, дау тараптарының бірінің ұлттық сотында қаралады. Көп жағдайда ондай соттар ретінде инвестиция жүзеге асырылатын мемлекет аумағындағы соттар таңдалады.

Инвестициялық даулар мынадай негіздер бойынша туындауы мүмкін: 1) шетелдік инвестициялар бар кәсіпорынды тіркеуден негізсіз бас тарту салдарынан шетел инвесторының мемлекетке қойған талаптары бойынша; 2) өтемақыны төлеуге байланысты мәселелер бойынша шетелдік инвестордың алған пайдасын беруден бас тартуға байланысты; 3) шетелдік инвестордың валюталық шоттарын қатыру туралы мәселе бойынша; 4) концессия шартын мерзімінен бұрын тоқтату туралы; 5) концессия шартының талаптарын өзгерту туралы және т.б.

Келісімдер дауды реттеудің екі негізгі рәсімдерін қарастырады: 1) тараптар арасындағы келіссөздер жолымен; 2) арбитраж процедурасы арқылы. Мемлекет пен жеке инвестор арасындағы дауларды бейбіт жолмен реттеудің барлық жолдары аяқталған соң, олар тараптардың бірінің өтініші бойынша төрелікте немесе арбитраждық соттың шешімі бойынша шешіледі, ал төрелік сот дауларды реттеудің әрбір нақты жағдайы үшін құрылады.

Дауларды шешудің әртүрлі нысандарына жүгінудің реттілігі қатаң анықталған болуы мүмкін, мысалы, халықаралық арбитраж тек мемлекетішілік қорғау мүмкіндіктерінің сарқылуынан кейін ғана мүмкін болады, сондай-ақ талап қоюшының таңдауымен қолданылуы мүмкін.

Екі жақты инвестициялық келісімдерде ерекше ережелердің енгізілуі мемлекеттердің инвестициялық дауларды шешуді халықаралық коммерциялық арбитражға беру туралы келісімін білдіреді.

Дегенмен, бұл мүмкіндікті кейбір көп жақты шарттарда қарастырады, мысалы, Солтүстік Американың еркін сауда туралы келісімінің (NAFTA) 1122-бабында немесе Энергетикалық Хартия туралы шарттың 26-бабында көзделген.

Сонымен қатар, аталған келісімдер инвестициялық даулар ad hoc арбитражда да шешілуі мүмкін екенін көрсетеді [1].

Кейбір шарттарға сай даулар 1976 жылғы ЮНСИТРАЛ-дың арбитраждық регламенті арқылы шешіледі.

Мемлекет пен инвестор арасындағы инвестициялық дауларды шешу тәртібі БҰҰ Жарғысының 33-бабына сәйкес «келіссөздер, сараптама, делдалдық, келісу, арбитраж, сот ісін жүргізу, аймақтық органдарға немесе келісімдерге немесе басқа да бейбіт құралдарға жүгінуді» қамтитын мемлекетаралық дауларды реттеу рәсімдерімен салыстырылады. Қазіргі уақытта доктрина мен сот тәжі-рибесінде инвестициялық даулардың жеке құқықтық сипаты басым деп сана-лады, бірақ бір шешімге әлі қол жеткізілмеді [2].

Мұндай дауларды шешуде мынадай жалпы ережелерді атап өтуге болады. Біріншіден, мемлекет ұлттық заңнамада немесе инвестицияларды өзара қорғау туралы екіжақты халықаралық келісімдерде шетелдік инвесторға оның мүліктік құқықтарын бұзатын ешбір шара қолданбауға міндеттенеді. Мұндай шараларды мәжбүрлеп қабылдаған жағдайда реципиент-мемлекет шетелдік инвесторға тез арада қолайлы валютада барабар және тиімді өтемақы төлеуге міндетті. Екіншіден, мемлекет өз иммунитеттерінен бас тарту арқылы шетелдік инвестормен туындаған инвестициялық дауларды шешу үшін арнайы құрылған халықаралық арбитраждың юрисдикциясын таниды және оның құзыретіне

бағынады. Соңғысы, реципиент-мемлекет коммерциялық емес тәуекелдерге қарсы шетелдік инвестицияларды сақтандырудың мемлекетаралық жүйесіне қатысады.

Халықаралық даму және қайта құру банкі аясында 1965 жылғы мемлекеттер мен шетелдік тұлғалар арасындағы инвестициялық дауларды реттеу туралы Вашингтон конвенциясы әзірленді. Конвенцияның мақсаты жеке капиталдың мүдделерін қорғау болып табылады. Конвенцияның нормалары инвестициялық дауларды ұлттық мемлекеттік соттардың юрисдикциясынан алуды және оларды арнайы халықаралық төрелік сотқа беруді көздейді.

Конвенцияның негізгі мазмұны тек инвестициялық дауларды қарастыру құзыреті бар арнайы аралас халықаралық арбитражды – Инвестициялық даулар-ды реттеу жөніндегі халықаралық орталығын (ИДРХО) құру болып табылады. Вашингтон конвенциясында инвестициялық дауды дереу Орталыққа тапсыру туралы міндеттеу нормасы көрсетілмеген. Онда дауды реттеудің екі тетігі – келісу және төрелік рәсімдері қарастырылған. Бұл рәсімдер бір-бірінен тәуелсіз, себебі тараптар екеуін де қолдана алады, сонымен қатар келісу нәтиже бермеген кезде төрелікпен жалғасатын келісу болуы мүмкін.

ИДРХО делдал немесе арбитр ретінде әрекет етпейді, ол тек қажетті жағдайларды ғана қамтамасыз етеді, делдал немесе төреші ретінде тараптар сайлайтын білікті мамандардың тізімдерін құрастырады, сот талқылауының бастапқы сатысында консультативтік көмек көрсетеді [3].

Қатысушы мемлекеттер Вашингтон конвенциясына сәйкес шығарылған төреліктің шешімдерінің заңды күшін тануға және осы шешімдерден туын-дайтын қаржылық міндеттемелерді орындауға қатысты шаралар қабылдауға мін-детті.

Қазақстан Республикасының заңнамасында инвестициялық даулы мәселе-лерді шешудің тәртібі жалпы сипатта 2015 жылғы 29 қазандағы ҚР Кәсіпкерлік Кодексында көрсетілген. Кодекс бойынша инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты инвесторлар, оның ішінде ірі инвесторлар мен мемлекеттік органдар арасындағы шарттық міндеттемелерден туындайтын дау инвестициялық дау болып табылады [4]. Инвестициялық даулар келіссөздер арқылы не дауларды шешудің тараптармен бұрын келісілген рәсіміне сәйкес шешіледі. Тұтас алғанда, негізге инвестициялық дауды сотқа дейін қарау принципі – келіссөздермен шешу жолы алынған.

Инвестициялық дауларды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаған кезде дауларды шешу ҚР халықаралық шарттары мен заңнамалық актілеріне сәйкес ҚР соттарында, сондай-ақ тараптардың келісімімен айқындалатын төреліктерде жүргізіледі, яғни жазбаша өтініш түсірілген үш ай мерзім ішінде даулы мәселе шешілмесе, дау тараптардың кез келгенінің таңдауымен, шетел несие беру-шісінің жазбаша келісімімен ҚР сот органдарына немесе тараптар арасында жасалған кезкелген келісімде белгіленген тәртіппен тараптардың келісулерімен аралық сотқа беріледі.

Осыған қатысты Ю.Г.Басин мынадай түсініктеме жасайды: арызданушы кім – шетел инвесторы ма, әлде Қазақстан Республикасы ма? – шешуші таңдау әрқашан шетел инвесторында қалады [5]. Егер дауды шешудің бастамашысы өкілетті мемлекеттік орган болса, онда даулы мәселені қарауға қабылдау үшін шетел инвесторының келісімі талап етіледі. Егер аралық сотқа инвестор өтініш жасаса, онда Қазақстан Республикасының келісімі алынған болып саналады. Аралық соттың кез келген шешімі инвестициялық дау тараптары үшін түпкілікті және міндетті болып саналады.

2008 жылдан бастап Қазақстан мен Caratube International Oil Company LLP (CIOС) компаниясы арасында жалғасып келе жатқан дау жақын арада өз шешімін тапты. Бұл жерде Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халық-аралық орталықтың араласуы арқылы келісімге келген тараптардың дауы шарттық міндеттемелерге қатысты орын алды. 2002 жылы ҚР Энергетика министрлігі мен CIOС шетелдік компаниясы Қаратөбе мұнай кен орнында көмірсутегін барлау мен өндіру туралы өзара шартқа қол қояды. 2008 жылы CIOС компаниясының шартта көзделген ережелерді бұзғаны және міндет-темелерді орындамағаны үшін Қазақстан шартты бұзады. Бұған қарсы CIOС компаниясы ИДРХО-ға талап-арыз

жазып, талап соммасы 2 млрд АҚШ долларын төлеуін сұрайды. Алайда Орталық бұл талапты қабылдамай, компанияға қарсы шешім шығарады.

2013 жылдың 5 маусымында компания екінші талап-арыз береді. Ол бойынша талап етуші ретінде СІОС компаниясы акцияларының 92% иеленуші Девинчи Хурани деп белгілеп, талап соммасы 1 млрд АҚШ долларын құрады. Бірақ Қазақстан Республикасы талап етушінің талаптары негізсіз екенін дәлелдеп, бұл процесте де жеңіп шықты. Арыз беруші шартты Қазақстан саяси себептерге байланысты бұзды деген негізді алға тартқан еді. Сонымен қатар Төрелік арыз берушіні 3,2 млн АҚШ доллары шамасында талқылауға кеткен шығынды Қазақстанға төлеуге міндеттеді.

2017 жылдың қыркүйегінде Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталық СІОС компаниясының талабын ішінара қанағаттандырады және Қазақстан Республикасын 39,2 млн АҚШ долларын төлеуге міндеттеді [6]. Төреліктің шешімінде Қазақстан Республикасы шартта, Қазақстан заңнама-сындағы және халықаралық заңнамадағы арыз берушінің алдындағы міндет-темелерді орындамағаны көрсетілген. Алайда Төрелік тараптармен талқылауға кеткен шығынның жартысын төлеуге СІОС компаниясын міндеттеді.

Сонымен, Қазақстанның қатысуымен болған инвестициялық даудың шешімінен мыналарды айқындауға болады: инвестицияларға қатысты орын алатын қатынастарды реттеудегі заңнама мен инвестициялық даулы мәселелерді шешудің тиімді ұлттық механизмінің жетілмегендігі. Осылайша, қазіргі жағдай-да Қазақстан Республикасында қолайлы инвестициялық климатты құру мәселесі алға тартылып келеді. Оның шетелдік инвесторлармен байланысты дауларды шешу процедурасын заңнамалық тұрғыдан шоғырландырусыз шешілмейтіні белгілі.

Жоғарыда аталған мысалға сүйенсек, Төреліктің артықшылықтарын айта кетуге болады: біріншіден, бұл дауды шешуде оперативтік; екіншіден, істі қарайтын төрелікті таңдау мүмкіндігі қарастырылған [7]. Төрелік соттың ерек-шелігі объективтілігі мен үнемділігі болып табылады.

Практиканың қажеттілігі халықаралық жария және жеке халықаралық құқық арасындағы қарым-қатынасқа жаңа доктриналарды әзірлеуді талап етеді, өйткені олар бір-бірімен функционалды түрде байланысты. Неміс ғалымы В.Эбке орынды айтқан еді: «Бұл байланыс халықаралық жария құқық заңы тауарлардың, қызметтердің, тұлғалардың және капиталдың халықаралық қозғалысына қатысты мәмілелерді реттейтін жеке құқықтың жұмыс істеуі үшін алғышарттар жасайды» [8].

Инвестицияларға қатысты қатынастардың дамуы жаңа дауларға алып келеді және соларды заңды түрде шешу үшін халықаралық аренада жалпы, нақты және тиімді тетіктің болуы үлкен үлес қосар еді. Инвестициялық даулардың реттелуі халықаралық деңгейде зерттелгендіктен оның жағымды жақтары өте көп. Халықаралық орталықтың қызмет етуі инвестициялық даулардың шешілуіне тікелей әсер ететіндіктен, оның осы саладағы маңызын арттыру ең бірінші орында тұр, сонымен қатар құқықтық құралдарды дамыту да басты назарда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Лабин Д.К. Международно-правовое обеспечение мирового экономического порядка/ Д.К. Лабин. — М.: Синергия, 2004. — С. 68–70.
2. Баратова М.А. Инвестиционные споры: понятие, виды, способы разрешения // Законодательство, 1998. № 4. С. 67-68.
3. Богуславский М.М. Иностранные инвестиции: правовое регулирование. М.: Издательство БЕК, 1996. С. 194-195.
4. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚР заңы, 296-бап.
5. Қазақстан Республикасындағы құқық және сыртқы экономикалық қызмет. / М.Қ.Сүлейменовтің жауапты редакторлығымен. 426 бет.

6. AWARD ICSID Case No. ARB/13/13, September 27, 2017. p. 386
7. Попов Е.В. Разрешение международных инвестиционных споров // Правоведение. – 2000. – № 4. – с. 149
8. Котов А.С. Международно-правовое регулирование инвестиционных споров: Автореф. дисс.... канд. юр. наук / А.С. Котов. — М., 2009. — С. 15.

УДК 341.9

ШЕТЕЛ ЭЛЕМЕНТІ КҮРДЕЛЕНДІРІЛГЕН ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН КОЛЛИЗИЯЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Сейткамал Қарлығаш Әуезбекқызы

Angel_karligashka@mail.rumailto:Nurzhanych14@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті
Халықаралық құқық мамандығы Мпк-31 тобының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Сейдеш Б.Б.

Аңдатпа. Бүгінгі таңда шетелдік элементпен қиындатылған еңбек қатынастарын ХЖҚ нысанына жатқызу мәселесі, даулы құқықтық жағдайларды қарастыру қағидалары және оларды реттеуге арналған нормалар.

Аннотация. На сегодняшний день проблема отнесения трудовых отношений, осложненных иностранным элементом к объекту МЧП, принципы рассмотрения спорных правовых ситуаций и норм для их регулирования.

Ключевые слова. Международное частное право, иностранный элемент, трудовые отношения, физическое и юридическое лицо, трудовое право, международный договор.

Түйін сөздер. Халықаралық жеке құқық, шетелдік элемент, еңбек қатынастар, құқықтық реттеу, жеке және заңды тұлғалар, еңбек құқығы, халықаралық шарт.

Халықаралық еңбек көші-қонын дамуымен және шетелдік жұмыс күшін пайдалануымен байланысты халықаралық жеке құқықты (ХЖҚ) реттеу аясына жататын ерекше қарым-қатынас шеңбері туындайды, оның негізгі мазмұны - қайшылық мәселе және оны шешуі. Қазіргі жағдайларда шетелдік элементпен қарым-қатынаста қолданылатын құқықты таңдау мәселесі қайшылық нормалардың көмегімен шешіледі, олардың құрамында даулы құқықтық жағдайларды қарастыру қағидалары және оларды реттеуге арналған нормаларды таңдау критерийлері бар. Бүгінгі таңда шетелдік элементпен қиындатылған еңбек қатынастарын ХЖҚ нысанына жатқызу мәселесі соңына дейін шешелімеген болып табылады, алайда оған ғылыми әдебиеттерде назар аударылған еді [1]. Л.В. Карасеваның жұмысында ХЖҚ бойынша көптеген еңбектерде осы мәселелер ғылыми негізделген қорытындыларсыз дәстүрлі немесе жалпы талқыланғаны жөніндегі факт расталады. Сондай-ақ И.Я. Киселевтің еңбек қатынастарын шетелдік қатысумен құқықтық реттеу отандық еңбек құқығы үшін жаңа бағыт болып табылатыны жөніндегі пікірі бар, «ол іс жүзінде кеңестік еңбек құқығында болмаған және бүгінгі таңда түпкілікті қалыптаспаған»[3]. Кез келген мемлекеттің еңбек заңнамасы күрделі түрге ие, және, жеке және көпшілік сипаттан тұратын кешенді білім беру болып табылады. Әдетте, бұл саладағы мәселелердің негізгі кешені еңбек келісім-шарты жасалған және негізгі еңбек қызметі жүзеге асып жатқан мемлекеттің еңбек заңнамасымен реттеледі [4]. Егер еңбек қатынастарына шетелдік тұлға кірсе, онда бұл жағдайда қолданылатын құқықты таңдау сұрағы туындауы мүмкін. Мұндай жағдай қатынастар жеке құқықтық сипатқа ие болған жағдайда туындауы мүмкін.

Жеке құқықтық қатынастар - бұл жеке және заңды тұлғалар арасындағы мүліктік және онымен байланысты жеке мүліктік емес қатынастар. Демек, еңбек құқығының құқықтық реттелуіне жеке құқықтықтан басқа әкімшілік-құқықтық қатынастар жатады (мысалы, еңбек тәртібі), олар жеке құқықтың жүйесіне жата алмайды. Жеке құқықтық қатынастардың құрамына «шетел элементі» кіргенде, ол халықаралық сипатқа ие болады. Дәл шетел